

ДАОЦИЗМ

Орындаған: Темірбек А.С

Ст 16-1 тобы

Қабылдаған : Муканова А.К

ЖОСПАРЫ

Мектептің шығу тарихы

Мектептің негізін салушы ұғымдарға түсініктеме

Мектептің негізгі қайнар көздері

Қолданылған әдебиеттер тізімі

МЕКТЕПТІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Даосизм - байырғы Қытай философиясындағы негізгі бір бағыт. Б.з.д. 4-3 ғасырда пайда болған. Даосизмнің негізгі идеялары «*Лао-цзы*» және «*Чжуан-цзы*» трактаттарда берілген.

Даосизм - табиғат күштерін мойындаудың және онымен үйлесімділікте болудың маңыздылығын қолдайтын теория.



Даосизм

Ежелгі Қытай қоғамдық-саяси ойындағы ықпалды ағымдардың бірі даосизм ілімінің негізін салушы болып б.з.д. VI ғасырда өмір сүрген Қытай оқымыстысы Лао-цзы болып саналады. Оның басты еңбегі «Дао және дә туралы кітап» Даосизм ілімінде аспан, табиғат және қоғам заңдылықтары анықталады. Бұл заңдылық жоғары қайырымдылық пен табиғи әділдікті жақтайды. Дао ілімі бойынша барлық адам тең. Өз дәуіріндегі мәдени жетімсіздіктер мен адамдардың әлеуметтік-саяси теңсіздігін, халықтың қайыршылық жағдайын және т.б. Лао-цзы даодан ауытқу деп есептейді. Сол кездегі халықтың ауыр жағдайына наразылық білдірген Лао-цзы даоның әділдікті қайта орнататынына сенеді.



Даосизм ілімінде адамдардың қанағатшылдығы мен белсенді әрекеттерден тартыну принципі көбірек орын алған. Лао-цзы сонымен бірге соғыстың барлық түрі мен армияны қатты сынға алады. Оның айтуынша, әскер жүріп өткен жерде арам шөптер мен тікенектер ғана өседі, үлкен соғыстардан кейін ашаршылық жылдары басталады. Прогрестік дамуды жақтырмаған Лао-цзы өткен дәуірге қайта оралуды және білім мен ғылымнан бас тартуды ұсынады. Оның айтуынша ақылды билеуші өзінің қол астындағыларға «дао» жолымен жүруге жағдай жасайды. Ондай билеуші халықтың жеке ісіне араласпайды. Оның басты мақсаты - елдегі тәртіп пен заңдылықты сақтау ғана.



**МЕКТЕПТІҢ НЕГІЗГІН САЛУШЫ
ҰҒЫМДАРҒА ТҮСІНІКТЕМЕ**


ЧЖУАН-ЦЗЫ БОЙЫНША

«Чжуан-цзыда» конфуцийшілікке қас идеялар айтылып, табиғат қоғамға қарсы қойылады. Адам өзін қоршаған міндеттерден босанып, табиғатқа жақын тұрмысқа қайтса, *Дао* (әлемнің түпкі негізі, сезімге қонбас сырды, тіршіліктің бүтіндігі) жолына келеді деген ой-пікірді білдіреді. Осынымен бірге Даосизмдегі табиғатты зерттеуге шақырған идеялар Қытайда алғашқы іліми түсініктердің және ойлап табулардың шығуына көмекші болады.



ЛАО-ЦЗЫ БОЙЫНША

«Лао-цзыда» *dao* түсінігі әлемнің маңызы және жаратылыс себебі деген мағына береді. Адам күрес пен қалаулардан бас тартып, өзі менен өзі болып, саяси істерге қатыспау, өкімет елдің тұрмысына зиян келтірмеуі керек деген көзқарастар айтылады.



**МЕКТЕПТИҢ НЕГІЗГІ ҚАЙНАР
КӨЗДЕРІ**

ДАО ДЭ ЦЗИН

Даосизмнің негізгі қайнар көзіне “Дао дә цзин” (“Жол мен Игілік туралы кітап”) жатады. Сонан соң “Чжуан-цзы”, “Ле-цзы”, “Хуайнань цзы” трактаттарын тілге тиек етуге болады. Қосынды түрде алғанда даосизм әдебиеті (“Дао цзан”) 4,5 мыңнан астам томдарды қамтиды. Даосизм философиясының өзекті ұғымдарына дао, дә және у-вэй жатады.

“ДАО” СӨЗІНІҢ ҰҒЫМЫ

Философиялық тұрғыдан алғанда “дао” ұғымы екі негізгі мағына білдіреді. Біріншіден, дао әлемнің түпнегізі, субстанциясы ретінде танылады. “Дао дә цзин” кітабындада оған мынадай сипаттама берілген: дао заттардың күретамыры, ол - жаратушы, ол- өзгертуші күш болып табылады. Бұл мағынада даосизм данышпандары даоны көбінесе бос кеңістік ретінде қарастырған: ол- барлық нәрсені (вмещая) көріктендіретін ” әлем анасының” жатыры тәріздес. Барлық заттар Даодан бастама алып, ең соңында оған қайта оралады. Екіншіден, “дао” сөзі тікелей “жол” деп аударылады. Аталмыш мағынада дао жаратылыс заңы ретінде қолданылады. «Ұлы дәнің (асыл қасиет) мазмұны тек даоға ғана бағынады. Дао денесіз. Дао тұманды және анық емес. Бірақ оның тұмандылығы мен анық еместігінде бейнелер бар. Ол тұманды және анық емес. Бірақ оның тұмандылығы мен анық еместігінде заттар жасырынылған. Ол терең және қараңғы. Бірақ оның тереңділігі мен қараңғылығында нәзік бөлшектер жасырынылған. Бұл нәзік бөлшектер жоғары шындыққа және нақтылыққа ие» Даосизм ілімінде «У-вей» принципі дәріштеледі.

«У-ВЕЙ» ПРИНЦИПІ

Даосизм ілімінде «У-вей» принципі дәріптеледі. Бұл ілім бойынша табиғи күйге араласпаған жөн, табиғилық заңымен үндестікті сақтау құпталады. «Ең жақсы ел билеуші – халық оның бар екенін ғана білетін билеуші. Халықтан өзін сүюді және асқақтатуды талап ететін билеушілер нашарлау. Халық олардан қорқатын билеушілер одан да нашар, ең жаман билеушілер – оларды халық жек көретін билеушілер. Сондықтан да сенімге лайық еместерге адамдар сенбейді. Кім терең ойлы және сөздерінде ұстамды, істерін табысты жүзеге асырады – халық оны табиғилықтың ізімен жүреді дейді». Қорыта айтқанда, даосизм философиясы адамның табиғи негізін айқындап, оның әлемде алатын орнын белгілейді. Ал адамның әлеуметтік қасиеттерін конфуцийшілдік философиясы қарастырады. Даостардың этикалық идеалы – Шэнжень, яғни “аса данышпан”. “Шэнжень” – жоғарғы дә мен Дао адамы. Даосизм ойшылдары адамды сырқы дүние анықтай алмайтынына сенімді. Адам - өзінің ішкі дүниесінің арқасында ғана - адам. Конфуций, керісінше, адамға сыртқы, қоршаған ортадағы, қоғамдағы моральдық ережелерді ұсынады. Сондықтан бұл екі мектеп қайшылықтарға тап болды. Дегенімен олар бірін-бірі толықтырды да.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Философия” Есіркепова Г.К., Шымкент, 2008.
- Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. – 569 б. ISBN 9965-808-89-9